

**Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің
Туризм және спорт комитеті туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1789.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.05.06. N 539 қаулысымен. ~P990539

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) және "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау

министрлігі Туризм және спорт комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі;

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Туризм және спорт департаменті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1145 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 33, 307-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1789 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық
сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті
(Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрінің
Турспорткомы) туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Қазақстан Республикасында дене мәдениетін, бұқаралық спортты, дамытуға,
ұлттық құрама командалардың спорттық шеберлігін арттыруға, туризмді одан әрі
дамытуға жәрдемдесу.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау
министрлігінің Туризм және спорт комитеті (бұдан әрі - Комитет) туризм, дене
мәдениеті және спорт саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын
мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау
министрлігі құзыретінің және өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде өз қызмет
саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізеді және осы мақсатта заңдарға
сәйкес салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

3. Комитет заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз
атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

4. Өз қызметінде Комитет Қазақстан Республикасының
Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан
Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де
нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа
алады.

5. Комитеттің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі

белгілейді.

6. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджетте көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

II. Басымдықтары

7. Комитет өз қызметінде мынадай басымдықтарды басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы тұрғындарының күнделікті тұрмысына салауатты өмір салтын енгізу, халық тұратын жерлерде және оқу орындарында бұқаралық спорт және дене мәдениеті - сауықтыру жұмыстарының нысандарын дамыту, туризм және спорт саласында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және Қазақстан Республикасы халқының дене даярлығының Президенттік тесттерін енгізу;

ірі халықаралық шараларды, оның ішінде Азиялық және Олимпиадалық ойындарды өткізу мақсатында туризм мен спорттың материалдық-техникалық базасын дамыту және нығайту, инвесторларды, оның ішінде шетелдік инвесторларды, қатыстыра отырып қазіргі заманғы

спорттық-туристік орталықтар құру;

халықаралық спорт аренасында республиканың беделін нығайту;

республиканың туристік - рекреациялық ресурстарды тиімді және кең ауқымды жарнамалау жүйесін жасау;

Қазақстанға туристерді тарту мақсатында туризм инфрақұрылымын одан әрі кеңейту;

жоғары білікті кадрлар даярлау.

III. Міндеттері

8. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасында дене мәдениеті мен спортты дамыту, спорттық резервті және халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау;

туризмнің, дене мәдениеті мен спорттың материалдық-техникалық базасын

құру және оны нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту;

салада ақпараттық-жарнамалық және баспа ісін ұйымдастыру;

республикада және шетелде туристік және спорттық ұйымдар үшін мамандар даярлауды ұйымдастыру мен реттеу, олардың іскерлік біліктілігін арттыру, сондай-ақ мамандарды ұтымды пайдалану, туристік және спорттық қозғалысты насихаттау;

мүдделі ұйымдармен бірлесе отырып туризм, дене мәдениеті және спорт саласында зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу;

мемлекеттік органдардың, ұйымдардың туризмді, дене мәдениеті және спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі қызметін, сондай-ақ облыстардың, астана мен Алматы қалалары әкімдерінің осы саладағы өзекті проблемаларды нақты шешуге қатысты мәселелер бойынша өзара қарым-қатынасын үйлестіру.

IV. Функциялары

9. Негізгі міндеттеріне сәйкес Комитет мынадай функцияларды жүзеге асырады:

туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырады, туризм, дене мәдениеті және спорт саласында перспективалық, ағымдағы, мақсатты бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асырады;

мемлекеттік органдардың халықаралық және ішкі туризмді, дене мәдениеті мен спортты дамыту, материалдық-техникалық базаны нығайту, тиімді және ұтымды пайдалану, ақпараттық-жарнамалық істі дамыту, ғылыми зерттеулер мен өз қызметінің басқа да бағыттарын ұйымдастыру мәселелері жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес туризм инфрақұрылымын құру, туристік, спорттық және басқа да өнімдер шығару үшін инвестицияларды тартуда бірыңғай стратегияны қалыптастырады және іске асырады;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес халықаралық, аймақаралық және ішкі туристік, спорттық байланыстарды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларымен, мамандармен, жетекші бапкерлермен және спортшылармен келісім-шарттар жасасады;

спорттық ғимараттарды пайдалану жөніндегі нормативтер мен талаптарды және ведомстволық және аумақтық тиесілігіне қарамастан спорттық ғимараттардың, базалар мен ұйымдардың барлық басшыларының орындауы

үшін міндетті спорттық шараларды, оқу-жаттығу процесі мен жиындарын өткізу кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелерін әзірлейді және бекітеді;

туристік және спорттық ұйымдарды жабдықтаудың нормативтерін, туристерге қызмет көрсету стандарттарын әзірлейді және бекітеді, туристік қызметті жүзеге асыру құқығына қолданылып жүрген заңдарда көзделген тәртіппен лицензия береді және оларды кері қайтарып алады;

туризм, дене мәдениеті және спорт мәселелері бойынша республика заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, саланың халықаралық және аймақаралық шарттарының, үкіметаралық келісімдердің жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

ақпараттық-жарнамалық және баспа қызметін жүзеге асырады, спорттық, туристік тауарлар мен қызмет көрсетулердің республикалық көрмесін өткізеді, халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысуды қамтамасыз етеді;

туристік және спорттық ұйымдарға ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық жасайды;

басқа мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп ұйымдастырылатын туристік және спорттық шаралардың жоспарларын үйлестіреді, шаралардың, жарыстардың бірыңғай күнтізбелік жоспарларын әзірлейді, олардың орындалуына бақылау жасайды;

Қазақстан Республикасының құрама командаларын даярлайды, республика спортшыларының ТМД елдерінің, Еуропа, Әлем чемпионаттарына, Олимпиадалық және Азиялық ойындарға, басқа да халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

мүдделі мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып спорттық резерв даярлау жөніндегі жұмысты жүргізеді, спорт клубтарының, мектептері мен ғимараттарының, олимпиадалық даярлық орталықтарының жүйесін дамытуды, сондай-ақ ондағы оқу-жаттығу процесі мен допинг бақылауды ұйымдастыру жұмысын үйлестіреді;

бағдарламалар мен ерекшеліктер тұрғысынан бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат бойынша шығыстар сметаларын әзірлеп, бекітуге ұсынады.

V. Құқықтары

10. Комитеттің:

туристік қызметті лицензиялауға;

белгіленген тәртіпте халықаралық, аймақаралық, туристік және спорттық ұйымдарда республика мүддесін білдіруге;

Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің жобаларын, саланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың мемлекеттік бағдарламалары мен жоспарларын жасауға қатысуға;

туристік және саяхаттық бағдарламалар мен бағыттарды әзірлеуге және бекітуге;

кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, олардың қызметін әдістемелік жағынан қамтамасыз ету бағдарламаларын бекітуге және үйлестіруге, симпозиумдар, конференциялар, семинарлар, оқытудың басқа да түрлері мен туризм, дене мәдениеті және спорт жөнінде мамандармен тәжірибе алмасуды ұйымдастыруға;

туристік және спорттық шараларға қатысушыларды материалдық қамтамасыз етудің шығыс нормаларын белгіленген тәртіппен бекітуге;

халықаралық, аймақаралық және республикалық туристік шаралар, спорттық жарыстар мен жиындар өткізуге;

спорттық жарыстар мен жиындар өткізудің ережелерін, спорт түрлерінің жіктемесін, оларды өткізу жөніндегі жұмысты реттеп отыратын бағдарлама-әдістемелік және басқа да нормативтік құжаттарды бекітуге;

белгіленген тәртіппен республикалық спорттық және басқа да шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне спорттық және құрметті атақтар беру, медальдармен, белгілермен, дипломдармен, жүлделермен, грамоталармен, бағалы сыйлықтармен марапаттау мәселелерін шешуге, жаттықтырушы-оқытушылар құрамына санаттар тағайындауға құқығы бар.

VI. Қызметін ұйымдастыру

11. Комитеті Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның екі орынбасары болады, оларды Төрағаның ұсынуымен Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

12. Төраға:

Комитеттің жұмысына басшылық жасайды;

Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жеке

жауап береді;

Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін, Комитетке

ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтерінен босатады;

өз құзыретінің шегінде Комитеттің барлық бөлімшелері мен Комитетке ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың орындалуы үшін міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар мен өкімдер береді;

Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды; белгіленген адам саны мен еңбек ақы қорының шегінде Комитеттің орталық аппаратының штат кестесін бекітеді.

13. Комитетті тарату және қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1789 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігі Туризм және спорт
комитетінің қарауындағы ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

I. Оқу орындары

Республикалық спорттың бұқаралық түрлері жөніндегі жоғары спорттық шеберлік мектебі

Республикалық спорттың ойындық және қысқы түрлері жөніндегі жоғары спорттық шеберлік мектебі

Республикалық спорттың қолданбалы түрлері жөніндегі жоғары спорттық шеберлік мектебі

Республикалық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі

Қ.Мұңайтпасов атындағы N 1 республикалық спорт колледжі

Қ.Ахметов атындағы N 2 республикалық спорт колледжі

II. Республикалық маңызы бар спорт
ғимараттары

"Монтажник" спорттық-сауықтыру кешені

"Медеу" спорт кешені

Б.Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайы

Орталық жүзу бассейні

"Достық" оқу-спорт кешені

"Бутаковка" оқу-жаттығу базасы

III. Басқа да ұйымдар

"Қазспортжабдықтау" басқармасы

Спорт түрлері жөніндегі штаттық ұлттық командалар дирекциясы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1789 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және
денсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт
комитетінің құрылымы

Туризм басқармасы

Спорт басқармасы

Қаржы-экономика бөлімі

Ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК